

Бекітемін,
Мектеп меншерушісі Шалабаева Ж.С.



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру үйімі	Мылы бастауыш білім беретін мектебі „Шұғыла“ шағын орталығы				
Топ/сынып	Ортанды топ				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Жоспардың күршілүк кезеңі	16.01-20.01.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	Жұма
Күн тәртібі					
Балалардың кабылдау	Балаларды жаксы көңіл күймен карсы алу және оларға колайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызыгуышылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әнгімелесу, кенес беру	Ата-аналарды мазалап жүрген сұраптарына жауап беру; балалардың балабакшада өздерін ұстауды жайлыш ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оку күралдарын тарату және оку күралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел үстіне іс-әрекетіне керекті күралдарды, түрлі түсті карындашты және педагогтің дайындаған материалдарын тарату; іс-әрекетінен соң оларды жинап алу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Серуеннен кейін етікті кір мен кардан қалай тазарту керектігін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Тәрбиешінің көмекшісіне лас сұлгілерді жинастыруға орналастыруға көмектесуге кезекшілер тағайындау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Тәрбиешінің көмекшісіне лас сұлгілерді жинастыруға көмектесуге ынталандыру.
	"Ұй жануарлары" дидактикалық ойыны.	"Ұқсайды - ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын.	"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын. Мақсат-міндеттер.	"Қалаға саяхат" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер.	"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық

	<p>Максат-міндеттер: үй жануарларының дене мүшелерін атауга, ажыратуға үрету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Максат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауга үрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту. Ойын ережесі: екі затты алып, оның ұқсастықтарын көрсету іскерлігі. Кімді көрсетсе, сол жауап береді. Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)</p>	<p>Дидактикалық міндеті: балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызыгуышылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу.</p> <p>Ойын ережесі: суретке сәйкес басқа ұлт өкілінін ұлттық киімін тандау; қуыршакқа ұлттық киімді киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол женеді.</p> <p>Ойын әрекеттері: қуыршакты киіндіру; ұлттық би немесе ән орындау.</p>	<p>Дидактикалық міндеті: балалардың тұган каласы туралы білімдерін бекіту: онда кімдер тұрады, еңбек етеді, қандай транспорт түрлері бар, кала калай безендірілген.</p> <p>Ойын ережесі: өз тобына тапсырмаларға сәйкес суреттерді тандау: адамдар, көлік, еңбек, каланы безендіру.</p> <p>Ойын әрекеттері: суреттерді іздеу. Белгі бойынша әрекет ету.</p>	<p>міндеті: балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейндерін тәрбиелеу.</p> <p>Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші койса, сол жөнімпаз болады.</p> <p>Ойын әрекеттері: зейніді болу, өз суретін уақытында қою, жүрісін өткізу алмау.</p>
Танертенгі жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен).</p> <ol style="list-style-type: none"> Бастапқы қалып аяқ алшак, дене тік, кол төменде. 1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, ""тауып ал"" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшак, дене тік, кол төменде. 2.1. Онга бұрылып, колдарын созып, орамалды умажадап ""жуамыз"" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшак, орамал тізе үстінде. 3.1. Жерге шалқасынан жатып, орамалмен беттерін жауып ""ұйықтайық"" деген сөзді айтады. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, кол төменде. 4.1. Орамалды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). <p>(дене шынықтыру)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларға эмоционалды жағымды көніл-күй мен	Балаларға эмоционалды жағымды көніл-күй мен	Балаларға эмоционалды жағымды көніл-күй мен	Балаларға эмоционалды	Балаларға эмоционалды жағымды көніл-күй мен ұйымдастырылған іс-

	<p>ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларга бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достықка тәрбиелеу.</p>	<p>ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларга бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достықка тәрбиелеу.</p>	<p>ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларга бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достықка тәрбиелеу.</p>	<p>жагымды көnl-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларга бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достықка тәрбиелеу.</p>	<p>әрекеттің мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларга бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достықка тәрбиелеу.</p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру "Маубас аю". Максат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен аракашықтық сактап, бағытты өзгертіп жүгіру кабілетін қалыптастыру; допты алысқа лактыруда бастапқы тұру қалпын кабылдауга үйрету.</p>	<p>Дене шынықтыру "Аю ұйықтағанды жақсы көреді". Максат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен аракашықтық сактап, бағытты өзгертіп жүгіру кабілеттерін жетілдіру; әртүрлі бағыттарда жүгіру дагдыларын дамыту; доғаның астымен өрмелегуге үйрету; өрмелегу кезінде епті, жылдам болуға тәрбиелеу.</p>	<p>Музика "Аю мен тұлкі". Максат-міндеттер. Балаларды жабайы андар туралы әнді</p> <p>қызығушылықпен тыңдай отырып, әннің сипатын ажыраты білу кабілетін дамыту; әндегі тәмен және жоғары дыбыстарды ажыраты білу кабілетін жетілдіру; әнді айтуда ыргакты сезіне білу қабілетін дамыту; музика зуенімен бірге би кимылдары мен андар кимылдарын дербес орындауга үйрету; музикалық аспап қасықпен жатық ойнау кабілетін дамыту.</p>	<p>Дене шынықтыру "Жануарлар қалай қытайты?" Максат-міндеттер. Балаларда допты алысқа лактыруда бастапқы тұрған қалыпты қабылдау және бөрененің үстімен тез алымдал журу техникаларын бекіту; оку қызметін пысықтау.</p>	<p>Қазак тілі "Орман тұрғындарының бастан кешкендері"</p> <p>Максат-міндеттер. Қазак тілін түсінуді, андардың дұрыс атап және қыскы тіршілігін білуді, сұраптарға жауап беру кезінде ен карапайым сез тіркестерін дұрыс құрастыруды, салыстыру кезінде заттардың көлемін атап, сез тіркестерін дұрыс құрауды, дыбыстарға еліктеу кезінде артикуляциялық аппаратын, көру арқылы қабылдаудын, казак тілін түсінуді, қыстал қалатын құстарды ажырату және атап, сұраптарға жауап беру кезінде ен карапайым сез тіркестерін дұрыс құрастыруды, салыстыру кезінде заттардың көлемін атап, сездерді сез тіркестерін дұрыс құрауды, көлемдерді сәйкестендіре білу кабілетін дамыту. Есту, сактау және көру зейінін, сейлеу тілін, ойлау кабілетін дамыту. Аңдарға және</p>

					қыстап калатын құстарға жанашырлық, камқорлық сезімдеріне баулу.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтепкесін реттілікпен киоін қадагалау. (мәдени-тигигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	<p>Карды бақылау (қардың жауған алқабы). (коршаган ортамен танысу, сейлеуді дамыту)</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>Балаларға қыс мезгіліне тән табиги құбылыс карды бақылауга деген қызығушылығын ояту; кардың кайда жатқанына көnl аударып, айтуда ынталандыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, берекелді! - Қарандаршы, айналада не жатыр? - Иә, бұл кар. - Қар кайда жатыр? - Айналаның бәрі аптақ. - Аулаға қыс келді, Қыс келді, Қыс келді. - Қар шатырға түседі, Қар ағашқа түседі, Қар жерге таман, тәмен, Бұлттан бағу түседі. - Қарлар - женіл нұктелер, Көрінбейді бұлт пен жер. Түсіп жатыр, 	<p>Коян ойыншығын бақылау (ақ қоян). (коршаган ортамен танысу, сейлеуді дамыту)</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>Балалардың көnlін коян ойыншығына аудару; коянның тоны ақ, ұзын құлагы, кимылдары туралы ұғымдарды кабылдауға ынтымындыру, жасалған жаттығудан жағымды эсер ала білу қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, біздің қонығымызды таныдындар ма? Бұл не? - Жарайсындар, бұл коян. - Коянның терісі сұр ма? - Коянның терісі ақ. - Жарайсындар. - Коянның қандай дене бөлшектері бар? - Иә, ұзын құлактары бар. - Коян құлықтарымен қалай қимылдайды? 	<p>Күнді бақылау. (коршаган ортамен танысу, сейлеуді дамыту)</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>Балалардың күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, колдарды жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленинде ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.</p> <p>Педагог балаларға кимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.</p> <p>Алтын күнге ұқсайық, Колдарды, кел, созайық. Колдарымыз - шуактар, Жайылады жан-жакқа.</p> <p>Енбекке баулу тапсырмалары: балалардың күректермен күреп, жүргүре арналған жолдарды жасауга шақыру.</p> <p>Максат-міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балаларды ересектін үлгісіне еріп, қаралайым 	<p>Ауладағы құстарды бақылау (шығарытын дыбыстары).</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>Балалардың құстардың шығарытын дыбыстарын тыңдауға ынталандыру;</p> <p>Дыбыстарына еліктеуге үрету.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрындар ма? Бұл шығып жаткан қандай дыбыстар? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады. - Иә, бұл құстардың шығарытын дыбыстары. - Құстар ұқсан дыбыстайықшы. - Енбекке баулу тапсырмалары: балаларды участкедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. 	<p>Апандағы аюдын суретін карау. (коршаган ортамен танысу, сейлеуді дамыту)</p> <p>Максат-міндеттер. Балаларға аюдың қыскы тіршілігі жөнінде жалпы ұғымдар беру; аюдын орманда көрінбейтінін, аланда үйқыда жатқанын түсінуді үйрету; ойлау, есте сактау кабілеттерін дамыту.</p> <p>Аю аpanына жатты, Аюдын үйқысы катты (үйкітаган аю).</p> <ul style="list-style-type: none"> - Аю, аю, қайдасын? - Неге ақырмайсын? - Д. Ахметова - Балалар, аю неге ақырмайды? - Иә, аю аланда үйқытап жатыр. - Аю қалай үйқыттайтынын көрсетейікші. - Жарайсындар. - Аюдын үйқысы катты, біз ойнады ойнап көрейік. <p>Енбекке баулу тапсырмалары: балаларды участкедегі орындықтарды қылшактар арқылы қардан тазалауга шақыру.</p> <p>Максат-міндеттер: балаларды</p>

<p>Түсіп жатыр, Аппак көрпе жауып жатыр.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды карды күректермен күреп, жүргүте арналған жолдарды жасауга шакыру.</p> <p>Максат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, карапайым енбек әрекеттерін жасауга машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жагымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>"Колғап" кимылды жаттығуы. (дene шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Максат-міндеттер. Балаларды педагогтін сонынан көркем сез жолдарының ыргағына, мазмұнына сай кимылдарды жасап, жагымды көңіл-күйге бөлөнүте үрету; бүкіл dene бұлшық еттерін, түйсікті, есте сақтау</p>	<p>- Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсындар!</p> <p>- Карапаршы, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды.</p> <p>- Қоян кайда мекендейді?</p> <p>- Иә, қоян орманда мекендейді. Сендерді бірге ойнауга шакырады.</p> <p>- Қоян қорқақ, Ұзын құлақ. Бұта түбінде, Қасқырга көрінбей,</p> <p>Ақ қарда жатыр, Тыныш қана, үндемей.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын кардан тазалауга шакыру.</p> <p>Максат-міндеттер: балаларды карапайым енбек әрекеттерін жасауга машықтандыру; тазальқа, енбексүйгіштікке тәрбиелу.</p> <p>"Бері шыға гой, қоян!" кимылды ойыны. (дene шынықтыру)</p> <p>Максат-міндеттер. Балаларга шенбер бойымен жүріп, барлығы бірге топтасып "Бері шыға гой, қоян!" сөздерін айттып, көрсетілген кимылдарға еліктеу кабілеттерін жетілдіру.</p>	<p>енбек әрекеттерін жасауга машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жагымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>"Қарлы жолдарды басайық" кимылды жаттығуы. (дene шынықтыру)</p> <p>Максат-міндеттер. Балалардың сапта тұзу багыттен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-тендікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.</p> <p>Педагог балаларды көркем сөзбен кимылдарға ынталандырады.</p> <p>Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолакша. Топ-топ етіп басайық, Кадам басып барайық. Секіреміз оп-оп!</p> <p>Біз жүреміз топ бол.</p> <p>Ал енді біз жүгірейк, Саптан қалмай, үлгерейік. Жүгір, жүгір, балакай! Саптан қалма, балакай!</p>	<p>Максат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға камқорлық жасауга баулу; карапайым енбек әрекеттерін жасауга машықтандыру;</p> <p>"Құстар" кимылды ойыны. (дene шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Максат-міндеттер. Балалардың жан- жақтағы багытқа, бір- бірін итермей, жан- жаққа жүгіруді үрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелу.</p> <p>Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды, "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұша қойындар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап,, құстардың ұшқанына еліктеу кимылдарын көрсетеді, жагымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан сон</p>	<p>ересектің үлгісіне еріп, карапайым енбек әрекеттерін жасауга машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазальқка баулу; жагымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>"Конырауым қайда?" кимылды ойыны. (дene шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Максат-міндеттер. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүргүре жаттықтыру.</p> <p>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.</p> <p>- Конырауым қайда?</p> <p>Сынғырлайды сайда.</p> <p>Кім адапсай тауып алады, Конырауды колға алады.</p> <p>Балалар жасырынған конырауды тауып алып, колға алып сынғырлайды.</p> <p>Педагог келесі ретте коныраудың орнын ауыстырып жасырады.</p> <p>"Көпірден өт" кимылды жаттығуы. (дene шынықтыру)</p> <p>Максат-міндеттер: балаларды бір орынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін калыптастыру; тепе-тендік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.</p>
---	--	---	---	---

<p>кабілетін дамыту.</p> <p>- Балалар, ал кәзір колгаптырымбызben адемі жаттыгулар жасап, ойнап көрейік.</p> <p>- Қане, колгапты килеміз, (алақандарды өзара укалау)</p> <p>Бір колды салып көреміз, (бір қолмен екіншін сипау)</p> <p>Екінші жұп колгапты, (екінші қолымен бірінші колды сипау)</p> <p>Киіп алсаң – жарап тұр. (алақандарымен ары-бері бұрандау)</p> <p>Біз татумыз, біз біргеміз, Шапалақтап, секіреміз.</p> <p>Оп-оп! Шапалақ!</p> <p>Секір, секір! Шапалақ!</p> <p>Жаттыгу бірнеше рет қайталанады.</p>	<p>Педагог балалардың бірін "Коян" атап, барлығымен бірге оны шакырады.</p> <p>Шакырылған коян ортага шығып, кимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.</p> <p>- Бері шыға гой, коян! Ак құлактармен ойна!</p> <p>Былай көрсет,</p> <p>Былай көрсет,</p> <p>Ак құлактармен ойна!</p> <p>"Шенберден шықпа" жаттыгуы. (dene шынықтыру)</p> <p>Максат-міндеттер:</p> <p>балаларды шенберге тұрып, такпак сездеріне сай кимылдай білу</p> <p>кабілетін қалыптастыру.</p> <p>Бір жоғары, бір төмен,</p> <p>Күні бойы тербелем.</p> <p>Әткеншек-ау, әткеншек,</p> <p>Айнала бер бізбенен.</p>	<p>Жүгіріп болдық, жүрдейік, Тыныс алып, үлгерейік. Тыныс алып болайык, Қадам басып, токтайык ...</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>"Әткеншек" кимылды ойны. (dene шынықтыру)</p> <p>Максат-міндеттер:</p> <p>балаларды шенберге тұрып, такпак сездеріне сай кимылдай білу</p> <p>кабілетін қалыптастыру.</p> <p>Бір жоғары, бір төмен,</p> <p>Күні бойы тербелем.</p> <p>Әткеншек-ау, әткеншек,</p> <p>Айнала бер бізбенен.</p>	<p>балаларга аланға шоқайып отыруды ұсынады:</p> <p>- Құстар, кұстар, келіндер,</p> <p>Жемді шоқып, теріндер.</p> <p>Жемді шоқып,</p> <p>тойсандар,</p> <p>Эн салып беріндер.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>Балалар бірақ отырып, демалып болғаннан кейін, педагог қайта "ұшып" кимылдауды ұсынады.</p> <p>"Шенберге дәлде" ойын жаттыгуы. (dene шынықтыру)</p> <p>Максат-міндеттер:</p> <p>балаларда нысанага (карды) дәлдеп ата білу,</p> <p>ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.</p>
---	--	---	---

Серуенниен оралу	Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы басқа әрекеттер)	Сурет салудан ойын-жаттығу "Ақ қоянды жасырайык". Максат-міндеттер. Балаларды сюжеттік сурет салудың ережелеріне үйрету;	Саусақ жаттығуы. "Коян". Коян өмір сүріпті (алақандарын соғады). Ұзын құлак (құлактар - жұлдырыктан балан үйрек (сұқ саусақ) және ортан	Сейлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Қонжық неге ақырады?" ертегісін әнгімелуе. Максат-міндеттер. Балаларды "Қонжық неге ақырады?" ертегісімен	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Орман тұрғындарының іздері". Максат-міндеттер. Балалардың екі қарама-қарсы заттардың ені бойынша	Күрастырудан ойын-жаттығу "Коян мен Тұлкі көрші". Максат-міндеттер. Балаларды білеу, текше, призма, арка сияқты құрылымыс материалдары арқылы екі
------------------	---	---	--	---	---	---

	<p>кагаздың сол жағында алдын-ала салынып тұрган тікे сызықты жасыл борша арқылы шыраша бейнесіне айналдыруға, жаңына күлкалам арқылы ақ коян бейнесін салуга үйрету.</p>	<p>терек саусақтарын жоғары көтереді және төмен түсіреді; шылдыр шүмек пен кішкене бебекті бас бармаклен басып тұрады). Коян тонып калды (алакандарын бір-біріне үйкелейді).</p> <p>Мұрны тонып калды (екі қолдың саусақтарын қысады және босатады). Құйрығы тонып калды (құйымшақты сипайды). Жылынуға кетті (алакандарын бір-біріне үйкелейді).</p> <p>Балалардың үйіне (екі қолдың саусақтарын қысады және босатады). Сол жакта жылы (алакандарын согады). (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>	<p>тәнистыру, ертегі желісінде кездесетін аюдың, қонжықтың қыстагы тіршілігі, дыбыстау ерекшелігі жөнінде маглұмат беру.</p> <p>Коршаган ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жабайы жануарлардың қыскы тіршілігі".</p> <p>Максат-міндеттер. Жабайы жануарлардың қыскы тіршілігіндегі өзгерістер арқылы балалардың жабайы табигат өкілдерінے қызығушылық бастамаларын арттыру; көзben қабылдау, фонематикалық есту кабілеті мен зейінін және дүниетанымы мен ойлауды дамыту.</p>	<p>тұстастырып, салмыстыру лагымдарын жетілдіру, нәтижесін созбен жеткізуге үйрету; он жақ пен сол жақты ажырату кабілетін дамыту, саны айрықша геометриялық пішіндерден биіктігі екі түрлі қаралайым бейнелерді курастыруда жаттықтыру; есте сактау, ақыл-ой мен қабылдау кабілеттерін дамыту.</p> <p>Коршаган ортамен танысудан ойын-жаттығу "Ұйқыдағы аю".</p> <p>Максат-міндеттер. Балалардың жабайы жануарлардың тіршілігін туралы білімдерін қалыптастыру; жабайы жануардың қыс мезгіліндегі тіршілігі жайлы түсініктерін (сыртқы түрі, тіршілік ету ортасы, мекені, азығы, қыска дайындығы) көнектіру.</p>	<p>колемде қақлалар жасауға үйрету; білеулерді тік койып, арасын арқамен жауып, үстінен призманы койып, шатырды жасауда жаттықтыру; құрылыштың тұрактылығы жөнінде ұғымдарды жетілдіру.</p> <p>Музыкадан ойын-жаттығу "Касқыр туралы".</p> <p>Максат-міндеттер. Балаларды музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажыратады білу кабілетін жетілдіру; музыка сипаттына қарай андардың кимылдарын дұрыс кайталу; музыкалық аспап касыклен ойнау кабілетін қалыптастыру.</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Жаңылтпаشتар айтқызы. Алпак, алпақ, бәрі алпак, Ақ кар алпак, бәрі алпак. Ақ бұлт, қырау, макта алпак Ақ сүт, айран, қант та</p>	<p>"Кім қалай сөйлейді?" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттер: сөздік қорын көнектіру, реакция жылдамдығын дамыту.</p> <p>Барысы: педагог кезекпен балаларға допты лактырады, жануарларды</p>	<p>Сергіту сәтін айтқызы. 1 дегенде тұрайық, 2, 3, 4 – алаканды согайық,</p>	<p>Саусақ жаттығуы. Алам үшін күнде мен (эндете), Отынга ағаш жарамын (агаш жарғандай). Су құямын ғүлге де (ғүлге су құйғандай),</p>	<p>"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны. Максаты: балаларда езін-өзі ұстасу мәдениетін, сыпайылықты, бір-біріне деген құрмет сезімін, доска, бір-біріне көмектесуге деген</p>

	аппак. (сөйлеуді дамыту)	атайды. Допты қайтарған балалар жануардың кандай да бір даусы беретініне жауап беруі керек: Сиыр - мөнірейді, Жолбарыс - ақырады, Жылан - ысылдайды, Маса - ызыңдайды, Ит - үреді, Қасқыр - ұлиды, Мысық - мияулайды, Шошқа - корсылдайды. (сөйлеуді дамыту, коршаган ортамен танысу)	Оң жакка бұрылып, Сол жакка бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Біз жүтіріп алайық. 5 дегенде асықпай, Орнымызды табайық.	Дүкенге де барамын (колдарына сөмкө ұстал жүру), Сыпымын үй үшін (сыпыргандай), Жуам ыдыс-табакты (ыдыс жугандай). Жылай қалса бөпемді (бөпені ұстагандай), Жұбатамын ойнатып (колдарын шапалактайды).	ұмтылысқа тәрбиелесу. Барысы: педагог балаларга әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрактар көзді. Балалар сұрактарға толық жауап береді.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кенес)	"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудагы отбасының рөлі" әнгімелесу.	Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы акпарат беру.	"Улкендерге құрмет" тақырыбында әнгімелесу.	Жаднама: "Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері".	Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әнгімелер.